

Асқақтай бер, Астана!



СЫР БОЙЫ

№98-99
(19581-19582)
6 ШІЛДЕ,
ЖҰМА
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті қызылордалықтар!

Сіздерді Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бас қаламыздың көз сүйсіндірер келісі келбеті күн санап көркейіп, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың батыл ойлары мен халқымыздың қажырлы еңбегінің жемісі бүгінде барша қазақстандықтардың мақтанышына айналып отыр.

Біз еңселі Елордамыздың 20 жылдық мерейтойын зор мақтанышпен атап өтпекпіз. Өйткені, сәні мен салтанаты келіскен заманауи Астанамыз күннен күнге көркейіп, жаһанға тәуелсіз Қазақстанның абыройын асқақтатуда. Шығыс пен Батысты байланыстырған, Еуразияның жүрегі саналатын Астана қарышты даму үстінде.

Қазақстанның алғашқы астанасы, Қызылорда қаласы да биыл 200 жылдығын тойлап жатыр. Сыр елінің бас шаһары гүлденіп келеді, Астанаға қарап бой түзеп, даму үстінде. Біз Сырдария өзенінің сол жағалауында жаңа қаланың құрылысына кірістік. Заманауи үлгідегі жаңа қала құрылысы бұрынғы қаланың жасарып, жанаруына, аймағмыздың өркендеуіне тың серпін береді деп сенеміз. Пайдалануға берілетін алғашқы нысандар қос қаланың мерейтойларына лайықты сыйлық болады.

Осы бір қуанышты сәтте барша сыр-бойылықтарға бақытты да баянды өмір, зор денсаулық, жемісті еңбек және шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін. Астана қаласының келешегі кемел, болашағы баянды болсын! Туған қаламыз Қызылорда көркей берсін!

Құрметпен,
облыс әкімі Қырымбек КӨШЕРБАЕВ.

ТУҰЫ БИІК ТУҒАН ЕЛ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Атамекен» этномемориалды кешенінде Мемлекеттік туды көтеру салтанатты рәсіміне қатысты. Нұрсұлтан Назарбаев шараға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Мемлекеттік тудың дәстүрлі түрде Астана күні қарсаңында көтерілуі осы жалпыұлттық мерекенің мәртебесін асқақтата түсетінін атап өтті.

Елбасы Қазақстанның аспан түстес көк туы Астананың қалыптасуы мен бүкіл еліміздің даму жолын айшықтайтынын айтты.

– Батыр бабаларымыз біздің зор жеңістерге жетуімізді тілеп, әрдайым туды тік ұстауды өсиет етті. Содан бері

біз барлық жетістікке көк байрақтың астында қол жеткізіп келеміз. «Қазақстан, Тәуелсіздік, Астана» деген түсініктер біздің мемлекеттігімізбен, болашағымызбен біртұтас ұғымға айналды. Қазақстан – біздің жалғыз Отанымыз. Тәуелсіздік – орындалған арманымыз. Әлем елдері туларының ешқайсысына ұқсамайтын көк туымызды дүниежүзі мойындады, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы еліміздің сыртқы саясатының бейбітсүйгіш сипатын атап өтіп, Қазақстанның Қарулы Күштері үшін әскери кадрларды сапалы дайындаудың маңыздылығын айтты.

– Сіздердің әскери қызметтеріңіз бейбіт жағдайда өтсін деп тілеймін. Бірақ мемлекет әрдайым өзінің қауіпсіздігі мен шекара бүтіндігін ойлауға тиіс. Сондықтан, біз офицерлерімізді тәуелсіз Қазақстанның жаңа жағдайында, жаңа Қарулы Күштеріміз үшін оқытып, тәрбиелейміз. Әскери қызметті лайықты атқарудың үлгісін көрсетіңіздер, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев жас офицерлерге арнаған сөзінде мемлекеттік туға зор құрмет көрсету Отанды сүйемен барабар екенін атап өтті. Бұл қазақстандық патриотизм құндылықтарын және еліміздегі ұлттық бірегейлікті нығайта түседі.

– Бүгін әскери оқу орындарының үздік түлектері офицерлік шен алады. Сіздер арқылы осы жылы оқуын бітіріп жатқан жас офицерлердің бәрін құттықтаймын. Осы сәттен бастап сіздерге Отан қорғау, Қазақстан азаматтарының бейбіт өмірі мен тыныштығын күзету үшін күрделі де мәртебелі миссия жүктеледі. Сіздер ұлы бабаларымыз аманат еткен қасиетті борышты лайықты атқаруларыңыз керек. Бүкіл өмір жолдарыңызда офицерлік атақты үлкен абыроймен алып жүріңіздер! – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты рәсім барысында Қазақстан Президенті – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас Қолбасшысының қолынан еліміздің жоғары әскери оқу орындарының 12 үздік

түлегі Қарулы Күштердің офицерлік шендерін алды.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев барша жұртты Астананың 20 жылдығымен құттықтап, Қазақстан халқына бақ-береке тіледі.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Ашылу рәсімі басталар алдында Қазақстан Президенті отандық және шетелдік компаниялардың цифрлық технологияларының көрмесін аралап көріп, цифрлық қаржылық технологиялар саласындағы инновациялық әзірлемелермен танысты.

Мемлекет басшысы қаржы орталығының құрылуы халықаралық бизнес қоғамдастығының біздің елге деген сенімінің және табысты даму жолымызға берген жоғары бағасының белгісі саналатынын айтты.

MEREKE QARSAŃYNDA

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЕҢСЕЛІ ЕЛОРДАСЫ

Мереке қарсаңында облыстық әкімдіктің мәжіліс залында Астананың 20 жылдығына арналған салтанатты жиын болып өтті. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтады.

– Тәуелсіздіктің туы желбіреген 27 жылда үлкен жетістіктерге қол жеткіздік. Әрине, оның қатарында Тәуелсіздігіміздің тірегі, Отанымыздың жүрегі Астананың орны ерекше. Тәуелсіз ел болып, кеше ғана Еділден айырылған қазақ Есілден де айырылайын деп тұрғанда Еуразия төрінде, Сарыарқаның төсінде Елбасының бастамасымен заманауи астана бой көтерді, – деп құттықтау лебізін бастаған аймақ басшысы елорданы

Алматыдан Ақмолаға ауыстыру бұл қазақтың өз билігі өз қолына тигеннен кейін болмыс-бітімін сақтап, мемлекеттің келешегін кемелдендіру мақсатында он ойланп, тоғыз толғанып барып қабылданған тарихи шешім болғанын атап өтті. Мың жылдықтар тоғасындағы мұндай батыл шешім қазір қай жағынан алып қарасаң да дұрыс болғанын уақыт дәлелдеді. Құба даладан құбылаға бет түзеп, сәні мен салтанаты жарасқан, сәулетімен талайларды тамсандыратын елордамыз Тәуелсіздігіміздің тірегіне, экономикамыздың жүрегіне айналды. Сондықтан Астананың мерейтойы – мемлекетіміздің мерейтойы, жалпы халықтық мереке.

– Абылайхан дүниеден өтер сәтінде халқымды бейбіт өмірге жеткізе алмадым, халқым жерігілігін көре алмады, қала, кент сала алмады, елдің басын біріктіре алмадым деп үш арманын айтып кеткен екен. Абылай ханның осы армандарын Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың толығымен жүзеге асырғанын көзіміз көріп, куәсі болып отырмыз. Жоғары Кеңесте Президент «Бұл мен үшін емес, ел үшін, елдің ертеңі үшін керек, мұның бәрін қазіргі адамдар толық ұғар-ұқпас, бірақ болашақ ұрпақтар ұғатын болады» деп өзінің көргендік ойын жария еткен болатын. Енді, міне, Астана ең қысқа мерзімде салынып, әлемді сүйсінткен, жаһандық сәулет өнеріндегі қайталанбас гасыр жобасына айналды. 20 ғасырда әлемдегі мемлекеттер арасында Германия мен Бразилия өз астаналарын ауыстыру туралы шешім қабылдаса, жаңа 21 ғасырда тек Тәуелсіз Қазақстан ғана осындай батыл қадамға бел бұды. Сондықтан елорда Елбасының ерен ерлігі деп айтамыз, – деген Қырымбек Елеуұлы биылғы жыл сонымен қатар Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойы екеніне тоқталып өтті. Қазақстанның алғашқы астанасы мен бүгінгі астанасы арасындағы осы бір байланыс көп нәрсені аңғартса керек. Алашқа – Ана,

талайға пана болған қасиетті Сыр елі де Астанаға қарап бой түзеп, сол жағалауда жаңа қаланың құрылысын бастап кетті. Алдағы уақытта Қызылордада Қазақстандағы сәулеті мен дәулеті астаққан көрікті қалалардың бірі болатынына сенім мол.

– 20 жылдық мерейтойына облыстан сый ретінде зымыран-ғарыштық техникасы музейінің ашық экспозициясы Елбасының қатысуымен салтанатты түрде пайдалануға берілді. Ғарыш айлағы тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзаттың мақтанышына айналған тарихи кешен. Сондықтан біз Тәуелсіз еліміздің тірегі Астанаға ізгі ниетіміз, Тұңғыш Президентімізге деген алғашқы алғысымыздың белгісі ретінде осындай шешім қабылдадық. Қазақстанның жас елордасы бүгінгі Астана Ұлы Дала төріндегі қарыштап дамыған мемлекеттің, мәңгілік елдің символы. Ару Астананың болашағы бұдан да жарқын. Біз оған кәміл сенеміз! Еліміз еңселі, Елбасымыз аман, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын! – деді аймақ басшысы сөзінің соңында.

Жиында Қазақстан Республикасы мен Астана қаласының қалыптасуына және Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани дамуына елеулі үлес қосқан еңбек ардагерлері, қоғам қайраткерлері «Астана – 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Мерекелік медальдің алғашқы иегерлері қатарында соғыс және еңбек ардагері Тәнеш Оразов, Социалистік Еңбек ері Сәлима Жұмабекова, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейітбек Шаухаманов, еңбек ардагерлері Алма Ақдәулетова, Ернияз Омаров, Өтеген Жаппарханов және басқалар болды.

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».



EL JÁNE ELBASY

ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ТҮЛҒА



Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – әлемнің қазіргі тарихындағы кемеңгер тұлға. Елбасы жер-жаһанға мемлекеттің бейбіт және ядролық қарусыз саясатын паш етіп, Қазақстанды жоғары халықаралық деңгейге шығарды. Мемлекет басшысының бастамасымен тәуелсіздік жылдарында экономикалық, саяси, әлеуметтік реформалар жүзеге асырылды. Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бастамалары, болашақты болжай білетін көрегенділігі, сарабдал саясаткерлігі арқасында көпұлтты мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түсті. Бүгінде Қазақстан бірлік пен қоғамдық келісімнің алтын бесігіне айналды. Еліміздегі тағулық пен ынтымақтың бірегей үлгісін жабан жұртшылығы зерттеп, «Қазақстандық жол» және «Назарбаев моделі» деп баға береді. Елбасының салған сара жолына әлемдік саясаткерлер мен ғалымдар тарапынан қызығушылық жоғары. Мемлекет басшысының бастамалары мен идеялары терең зерттеулерге арқау болды.

Осының арқасында Қазақстан Президенті әлемге жаңалықты жанындай түсінетін реформатор басы ретінде де кеңінен танылды. Елбасының реформаторлығын оның «Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады» дейтін қағидасы да айқын байқатады. Оның бұл қасиеті бұрнағы жылы жарыққа шыққан «Жасампаз. Нұрсұлтан Назарбаев: Ресейден көзқарас» деген ұжымдық жинақта да анық көрсетілген. Айталық, Ресей Жазушылар одағының хатшысы Рафаэль Гусейнов кітапқа енген «Президент» атты очеркінде жұрт назарын Қазақстан Президентінің Семей полигонын жабу тұсындағы табандылығына, Одақ ыдырап жатқан күндердегі бәрін ақыл-парасатымен шешуге сөре тартқан сарабдал саясатына, «Байқоңыр» ғарыш айлағының меншігін анықтау кезінде көрсеткен ұстамды ұсынысына аударды. Қазақ елі басшысы бастамашысы болған Еуразия экономикалық одағын құру идеясы ТМД елдері аумағын тұрақты етіп ұстап тұрудың басты серпінісі болды. Тарихшы-жазушы Леонид Млечин «Реформатор» деп ат қойылған мақаласында Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып тағайындалғаннан тәуелсіз Қазақстан басшысы болғанға дейінгі аралықта саясаткер ретінде қалыптасуындағы негізгі кезеңдерді атап көрсетеді. Қарап тұрсақ, егемендіктің елеулі кезіндегі экономикалық қиындықтарды жеңу мен ұлттаралық ымырагершілікті сақтап қалу жолындағы қыруар қат-қабат қарбалас жұмыстарды ақырына дейін табандылықпен одақтары шығуға сол жылдары жинаған аса бай тәжірибесінің тигізген көмегі аз болмаған екен. Ал «Российская газета» басшылығы бас редакторының орынбасары, жазушы Николай Долгополов «Одақтас» деген есеңдісі оны Ресейдің ең жақын қандасшы досы ретінде сипаттай келіп, Еуразиялық одақтың болашаққа бағытталған үлкен жетістік болғанынан тоқтама жасайды. Келешекті болжай білу әркімнің маңдайына жазыла бермегені. Бұл тек таңдаулы және дарынды тұлғаларға ғана тән қасиет. Міне, мұндай мүмкіншілікті Н.Назарбаевта бар. Бұған талай мәрте көз жеткен. Сол сияқты «Труд» газетінің бас редакторы Валерий Симонов «Жерлес» деп аталатын материалында Қазақстан Президентінің астананы республиканың орталығына әкелуі шын мәнінде оның алысты болжай алатын нағыз стратег екенін айнытпай танытқан оқиға болды деген ойға қазық байлайды.

Саясаткер жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының – дамуы, барлық атрибуттары – ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік басқару және биліктің бүкіл тармақтарының өзара әрекет ету жүйесі – бар ұлттық мемлекеттілікті қалыптасуы Назарбаев есімімен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді. Назарбаев басшылығымен конституциялық құрылыс процесі жүзеге асты, ол 1995 жылдың тамызында еліміздің Негізгі Заңын қабылдаған бүкілхалықтық референдуммен аяқталды. Қазақстанда демократиялық институттарды құру Назарбаевтың аса зор еңбегі болып табылады. Сөзбен баспасөз бостандығы, сайлау және сайлау құқығы, партиялар мен қоғамдық бірлестіктер құру құқығы, дін бостандығы сияқты азаматтық қоғамның мызғымас құндылықтары нақ соның тұсында ғана конституциялық нормаларға айналды. Назарбаев басшылығымен кеңестік өкімшілік-жоспарлы өкімшілік жүйе бұзылғаннан және бірегей халық шаруашылық кешені құй-регеннен кейін алапат дағдарысқа тап болған қазақстандық экономиканы өзгертуге бағытталған аса ауқымды шаралар әзірленіп, іске асырылды. Экономикалық саясатты және демократиялық өзгерістерді ойдағыдай жүзеге асыруға мемлекеттік құрылымның президенттік республика ретіндегі

халық таңдаған үлгісі көп септігін тигізді. Түбегейлі экономикалық қрықтандыру мен саяси реформалар белгіленген өзгертулерді пәрменді жүргізуге асыруға көмектесті. Біз Нұрсұлтан Назарбаевтың ғасыр реформаторы екенін айтқанда, ойымызға ең алдымен мына қадау-қадау қабырғалы оқиғалар оралады. Қалай дегенде де, ХХ ғасырдың соңғы он жылының мұңдарында әлем картасынан орын алған жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының содан бергі оның ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік басқару және биліктің бүкіл тармақтарының өзара әрекет ету жүйесі секілді барлық атрибуттары бар ұлттық мемлекеттілікке қалыптасуы Тұңғыш Президент есімімен тығыз байланысты. Осы жылдарда қарыштап дамыған мемлекетімізде конституциялық құрылыс үдерісінің жүзеге асуы, 1995 жылғы 30 тамызда еліміздің Негізгі Заңының бүкілхалықтық референдуммен қабылдануы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен атқарылды. Бұған қоса, Қазақстанда демократиялық институттар құру Елбасының елеулі еңбегі арқылы мүмкін болды.

Айталық, ол 1992 жылдың басында «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясын» әзірлеп, елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыт-бағдарын айқындап алды. Осыныша қысқа уақытта шұғыл жасалған шараның нәтижесі көп күттірген жоқ. 1997 жылдың басында елде макроэкономикалық тұрақтылық орын алды, инфляция тоқтатылды, өнеркәсіп жанданып, инфра-бюджет, салық жүйесі құрылды, жекешелеңдіру жүргізілді, зейнетақы жинақтау жүйесі өмірге келді, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын реформалау жүзеге асты. Мемлекет басшысы өзінің 2006 жылғы Жолдауында Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру мәжесін белгілеп, «Қазақстан-2030» стратегиясын бойынша мемлекет дамуының басым бағыттарын айқындады. 2006 жылғы халыққа Жолдауында Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясын белгілеген. Бұдан басқа, Н.Назарбаевтың экономист және саясаткер ретіндегі жеке беделі елде қолайлы инвестициялық ахуал қалыптасуына, көптеген мемлекетпен және халықаралық қаржы институттарымен пәрменді экономикалық ынтымақтастық орнатуға серпін берді. Мұның қатарында алыстағы ауылдарды дамытуға, кедейлікпен күресуге, тұрғын үй құрылысын дамытуға бағытталған әлеуетті әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру қолға алынды.

Осы жылдарда Елбасының тікелей басшылығымен Қазақстанда индустриалды-инновациялық даму стратегиясын әзірлеп, инвестициялық және инновациялық қорлар құрылды. Дүниежүзілік сарапшылар арасында «қазақстандық үлгі» деген ұғым пайда болды. Барынша қысқа мерзімде халықаралық ынтымақтастық тұжырымдамасы жасалып қалыптастырылды. Оның көптеген бастамалары халықаралық қауымдастық арасында кең қолдау тапты. Бұлардың қатарында жоғарыдағы Семей ядролық полигонын жабудан бөлек, ядролық держава мәртебесінен бас тарту, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі дәйекті қызмет және тағы басқалары бар. Біздің Президент, сондай-ақ, ТМД, ОАО, Кеден одағы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Еуразия одағы сияқты халықаралық құрылымдардың тууына негізгі бастамашы болды. Оның БҰҰ Ассамблеясының 47-сессиясында құруды ұсынған Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңесі кейін іс жүзінде жұмысқа кірісті. Елбасы әртүрлі мәдениеттердің, діндердің, өрке-

ниеттердің жүйелі сұхбаттасуын жолға қоюға көп көңіл бөлді. Соның негізінде Астанада әлемдік діндер көшбасшыларының съездері табысты өтті. Елордада сондай-ақ Астана экономикалық форумын жыл сайын өткізіп тұру дәстүріне айналды. Қазақстанның 2010 жылы Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі елімізді әлем мойындауының айқын көрінісі болып табылады. 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы қабылдануы Қазақстанның Еуразия кіндігіндегі мемлекет ретінде Еуропа мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамытуға ұмтылысын көрсетеді.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алып, Түркия және Еуропа елдерімен байланыс орнатқаннан кейін ғана олар қазақ деген халықты және оның Қазақстан деген отаны бар екенін білді. Әсіресе ол кезде Қазақстан президенті халықаралық саяси іс-әрекеттерімен көзге түсті. Сондықтан Еуропалық елдерде «қазақпыз» дегенде бұрынғыдай «ол қандай халық?» деудің орнына «иа білеміз, Назарбаев, Қазақстан» дейтін болды, – деп жазды түркиялық қандасшысы, тарихшы Әбулқап Кар.

Елбасы Қазақстанның Еуразия құрлығында орналасқан ел, қазақ халқының көшпелі мәдениет пен отырықшыл мәдениетті ігерген, яғни ескі мен жаңаны білетін, Шығыс пен Батыс арасында көпір болатын бірегей халық болуына байланысты көпекторлық саясат жүргізді. Оның саясаттары мұхиттың ар жағындағы АҚШ, көршілес Ресей және Қытай Халық Республикасымен де, туысқан түркі халықтар және мұсылман елдерімен де тығыз және достық қарым-қатынаста бола отырып Шығыс пен Батыс арасында теңгерімді саясат жүргізуге бағытталған.

Міне, осыларға қарап, біз Қазақ елі тек қана өз аймағында емес, бүкіл әлемде бейбітшілік пен бірліктің символына айналып отыр деп ауыз толтырып айта аламыз. Мұның бұлтартпас бір айғағы да Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің уақытша мүшелігін көпшілік дауыспен сайлауы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сыртқы саясатының бір бөлегі туысқан түркі халықтарымен достық байланыстарды күшейтуге арналған. Сонымен қатар олар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға да көздеген. Атап айтқанда, Түркі Кеңесі, Түркі Академиясы, Түркі елдері Ақсақалдар Кеңесі сынды түркі халықтарының ынтымақтастығына бағытталған халықаралық ұйымдар оның ұсынысымен өмірге келген.

Сондықтан бүкіл түркі дүниесінің халықтары, оның ішінде әсіресе зиялы қауым Елбасын жоғары бағалап, құрмет тұтады. Міне, осының айғағы төрінде Түркияның астанасы Анкараның төрінде орын алып отырған оның ескерткішін айта аламыз. Бұл бір жағынан екі бауырлас елдің әлемге үлгі боларлық достық байланыстарының айғағы болса, екінші жағынан түрік елінің қазақ президентіне деген үлкен ықылас құрметінің белгісі екенін атап көрсетеді тарихшы.

Түрік зиялылары мен халқының Елбасына деген құрметі өткен жылы одан әрі күшейе түсті. 2016 жылы маусым айында Түркия мен Ресей арасында дерлік сегіз айға созылған шиеліністі реттеуде Президент Назарбаевтың дәнекерлігі орасан зор болды. Екі ел оның білікті дипломатиясының арқасында келіспестіктерін реттеп татуласты. Түркия халқы бұл үшін оған алғысын күні бүгінге дейін тілге тиек етуде. Бұл, әрине өз кезегінде Түркиядағы қазақтардың да төбесін, көкке жеткізіп, Түрік еліндегі беделін асқақтатты.

Ж.ӘБІШОВ.

FORÝM

Азамат – елге қалқан, ұрпаққа үлгі

Астана күніне орай Тұңғыш Президент саябағында облыстық патриот-форумы өтті. Мемлекет мерейі, Отан абыройымен өз мақсатын ұштастырған, ел дегенде елгезек, еңбек десе жанын салатын бірқатар қызылордалықтар марапатқа ие болды. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Астана – мәңгілік ел мәртебесі» атты форумда қатысушыларды Астана күнімен құттықтады.

– Қазақ тарихында ормандай халқына қорған болсам, аңға жетелеп, арманына жеткізем, тәуелсіз ел қылып, биікке көтерсем деген тұлғалар аз болмаған. Қасымханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы, әз-Тәукенің Жеті жарғысы содан қалған. Абылай ханның арпалысы, Әбілқайыр ханның жанталасы қазақты қалай да қазақ қыласам деген арманнан туған. Ал, сол бабалардың арманын асақ-мақсатын мұрат еткен бүгінгі Көшбасшымыз – Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болды. Біз енді Елбасымызды сасқанға сая мұгедектер арбасымен жүретін Сағатбек – қайырымдылық шаралардың ұйымдастырушысы, «Фристайл» санатында КР чемпионы, «Сыр үмігі» сыйлығының иегері.

Сондай-ақ, патриот азаматтар қатарын «Ерлік» үлестіру кеңесінің және «Ауғанстан соғысы ардагерлері ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, бірнеше әскери жобалардың авторы Қайрадин



өз абыройынан кем көрмейтін әрбір қазақстандық елге тірек, азамат деген атқа лайық.

– Қазақта азамат деген қастерлі ұғым бар. Азаматтық тек қана төлқұжатпен анықталмайды. Азаматтық шын айыспен, Отанға деген сүйіспеншілігімен, елге адал қызметпен өшпенеді. Ал патриот болу азаматтықтың ең биігі, – деген облыс әкімі әр саладағы белсенді, өз ісінің кәсіби шеберлерін марапаттады.

Қоғамда әлсіздің үніне, шарасыздың шырпына құлақ тосып, табан астында көмек көрсету – азаматтың ісі. Осы атқа лайық іскістер департаментінің жылдам қимылдайтын арнайы жасағының инспекторы Бауыржан Нұржанов марапат биігінен көрінді. Бауыржан өткен жылы қаладағы көпқабатты үйде тұтанған өрт кезінде 5 және 6 жастағы қос бұлдіршінді оттан аман алып қалған.

– Менің бұл ісім ерлік емес. Бұл ер-азаматтың міндеті, – деді ол. Иә, бұл елде Бауыржандай азаматтар жалғыз емес. №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі Еркембек Пазилев пен Қазалы ауданындағы №266

мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі Мейрамбек Жақыпов та тұрғындарды өрттен құтқаруға тасымалған ер жүрек азаматтар. Ал Аружан Бисенбаеваның үйлерінде өрт шыққан сәтте жанында сіңілісі және екі інісі болған. 11 жаста болғанына қарамастан, Аружан бауырларын терезе арқылы сыртқа шығарып, өмірлерін сақтап қалған.

«Жылы жүрек жастар» еріктілер тобының жетекшісі Сағатбек Синоовты қала халқы жақсы таныды. Бірнеше жыл бұрынғы көлік апатынан кейін, мүгедектер арбасымен жүретін Сағатбек – қайырымдылық шаралардың ұйымдастырушысы, «Фристайл» санатында КР чемпионы, «Сыр үмігі» сыйлығының иегері.

Сондай-ақ, патриот азаматтар қатарын «Ерлік» үлестіру кеңесінің және «Ауғанстан соғысы ардагерлері ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, бірнеше әскери жобалардың авторы Қайрадин



Баймаханов толықтырды.

Клиникалық өлім жағдайындағы ауыр кома үстіндегі, жол жарақаттары, суық қарумен өлім жағдайларында ажалмен арпалысқан науқастарды аман алып қалған батыл дәрігер София Ауорованың өзі де, емі де шипалы. 25 жылдық еңбек етпелі бар София Тұрсынбайқызымен бірге туған өлке патриоттары қатарында «Комарт» мейірімділік үйі еріктілер тобының жетекшісі, облыстық Ассамблея жанындағы Аналар кеңесінің мүшесі Майя Наримованы, «Қызылордаликте весті» газетінің тілшісі, мемлекеттік тілді жетік меңгерген өзге ұлт жастары арасында өткізілген «Тіл – парасат» байқауының I орын иегері Кирилл Денисовты, қаратқ киокушинкайдан Әлем және Азия чемпионы Айбек Шауқиловты, шахматтан Әлем чемпионы, ФИДЕ шебері Назерке Нұрғалиды атап өтуге болады. Оларға беріле анықтама ортақ; табанды, тиянақты, тереунді, өнегелі, өрісті жандар.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

MARAPAT

ПАРТИЯ ҚАТАРЫ ЖАҢА МҮШЕЛЕРІМЕН ТОЛЫҚТЫ



Астана күні мерекесі қарсаңында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев партия қатарына жаңадан қабылданғандарға мүшелік билет табыстап, бірқатар азаматты Алғыс хатпен марапаттады. Жетекші партия қатарына медицина саласының қызметкерлері, спортшылар, мамандар мен өнер саласының мамандары қосылды.

Салтанатты шарада аймақ басшысы партия қатарына жаңадан қосылған азаматтарды мерекемен құттықтады. – Біз осындай санаулы мерзім ішінде Еуразияның маржанындай болған, әсем де көрікті қала тұрғыза алдық. Бұл барша қазақстандықтардың береке-бірлік, тындырмды тірлігінің арқасында іске асқан дүние. Сол себепті Астана – еліміздің бойтұмары іспетті. Сыр елі де осы бақ қалаға қарап бой түзеп келеді. Сол жағалауды қолға алу соның айқын көрінісі. Астана қаласының 20 жылдығы

қарсаңында еліміздегі жетекші саяси ұйымның қатарына жаңадан қабылданатын жатқан азаматтарды Мемлекет басшысы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық жоспарларын жүзеге асыру жолында белсенді жұмыс жасауға шақырамын. Партияға мүшелікке қабылдану үлкен жауапкершілік. Осы жауапкершілікті сезіне отырып, аймақтық өсіп-өркендеуіне партия мүшесі ретінде сіздердің де лайықты үлестеріңіз болатынына сенемін, – деді өңір басшысы.

Партия қатарына енген жаңа мүшелер атынан сөз алған «Qyzylorda» телеарнасының тілшісі Толқын Қабылша өз кезегінде алғысын білдірді.

– Айтулы мерекеле көпбасшы партияның қатарына қабылдану – біз үшін зор мәртебе. Сөз өнерін қастерлеп, кәдірлісін ұстау екен қаламгер ретінде бас партияның тұнанымын берік ұстап, еліміздің дамуы мен қоғамның көркеюі жолына ерқашан өз үлесімді қосуға дайынмын, – деді.

Салтанатта жетекші партия өкілдеріне Құрмет грамотасы мен Алғыс хат табыс етілді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 21-сессиясы 2018 жылғы 18 шілдеде сағат 11:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылды.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады: 1. Қызылорда облысы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау туралы есебі.

2. 2017 жылғы арнаған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы.

3. Қосымша мәселелер. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2018 жылғы 17 шілдеде сағат 15:00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 16:00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

НЫСАНДАР САПАСЫ САРАЛАУДАН ӨТЕДІ

Қатты желден облыс аумағында әлеуметтік нысандардың шатыры ұшып, жарық сөніп қала беретін жағдайлар кездесіп қалады. Кеше болған төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев осы мәселені қатаң сынға алды.

Жыл басынан бері табиғаттың бұл құбылысы 4 әлеуметтік нысанның шатырын ұшырып әкеткен. Бірі – Тасбөген кентіндегі «Наурыз» шағын ауданында 10 қантар күні болған жағдай. Жылдамдығы секундына 18 метрге жеткен желдің кесірінен көпқабатты үйдің төбе жабындысы ұшып кетіп, 1 адамның денсаулығына зиян тиді. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті басшысының міндетін атқарушы Асқар Төлешовтің айтуынша, келесі келесіздегі Қармақшы ауданының орталығындағы №121 орта мектепте тіркелді. Сол күні жел секундына 27 метр жылдамдықпен ұяқты соғыпты. Төтеншеліктер критерийге сәйкес келмейді деп 2 деректі есепке алған жоқ. Мұның себебін мамандар жел жылдамдығының соншалықты күшті болмағанымен байланыстырып отыр.

– 7 маусым күні Шиели ауданының Қоғалы ауылдық округіндегі №228, 18 маусымда Қармақшы ауданының Тұрмағамбет ауылындағы №29 орта мектеп ғимараттарының шатыры зақымдалды. Талап бойынша қайсыбір ғимараттың болмасын, шатыры секундына 25-30 метр жылдамдықпен соғатын желге шыда беруі тиіс – деді Асқар Төлешов.

Статистикалық мәліметке қарағанда, бұл 26

әлеуметтік нысанның төбе жабындысы бүлінген. Келесіздегілердің көбі мектептерге тән.

– Осының бәрi тiстi басқармалардың құрылыс сапасына немқұрайлы қарауынан. Кемшіліктер қайталау беретін болса, оған жол беріп отырған құрылыс компанияларына неге лицензия беру тоқтатылмайды?! – деген аймақ басшысы жауапты мекемелерге соңғы 5 жылдың үлесіндегі әлеуметтік объектілердің қалай салынғанын тағы бір електен өткізуді тапсырды.

Одан кейін «Қызылорда электр тораптары компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Мұхитжан Кәрімбаев жарықтың болмашы жағдайда сөніп қала беруінің себебін түсіндірді.

– Электр желдерінің 70 проценттен астамының тозығы жетіп тұр. Бірақ біз қол қусырып қарап отырғанымыз жоқ. Жылда компанияның қаржысы есебінен белгіленген көлемде желдерді біртіндеп күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізіп келеміз, – деді ол.

Қаладағы әлеуметтік объектілер мен тұрғын үйлердің 30 процентін жылумен қамтамасыз ететін Қызылорда жылу электр орталығының да жағдайы сын көтермейді. Оған апатты жағдайда екендігі және күрделі жөндеуді қажет ететіні туралы қорытынды берілген.

– Ұзақ уақыт пайдалану салдарынан ғимараттың шатыры тесіліп, қабырғалары сөгіле бастаған. Іске қосылғаннан бері ғимарат пен оның инженерлік-коммуникациялық жүйелері бірде-бір рет күрделі жөндеуден өтпеген, қайта жаңғыртылмаған. Орталықтың қауіпті жағдайы оған қосылған объектілер мен үй-жайларды кез келген уақытта жылусыз қалдыруы мүмкін, – деді облыстық жұмылдыру

дайындығы басқармасының басшысы Асылбек Шәменов.

Облыс әкімі жылу мекемесінің ескірген ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу, қыстың көзі қырауды халықтың өбігерге түсіруіне мүмкіндіктері қарастырылатынын жеткізді.

Комиссия отырысында Конго-Қырым геоморфологиялық қызбасына қарсы жүргізілген көктемді залалсыздандыру шараларының нәтижесі де сөз болды. Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы осы ретте қолыңыз аймақ ретінде 127 елді мекен анықталғанын, залалсыздандыру жұмысы 2 сәуір-17 маусым аралығында жүргізілгенін айтты.

– Жыл басынан бері Конго-Қырым геоморфологиялық қызбасына шалдығуы мүмкін деген күлкілен 6 адам ауруханаға жатқызылды. Дегенмен, зертханалық сынама нәтижесі күдікті жоққа шығарып, күмәнді сөйлтті, – деді Асылбек Шәменов.

Соңғы уақытта республикада белең алған аса қауіпті менингококк инфекциясының қауіптілігі, аймақтағы жағдай жөнінде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлназарова баяндады. Еске салсақ, 31 мамыр күні Жаңақорған ауданында ауру инфекциясын жұқтырғанды деген күдікпен 27 жастағы жігіт ауруханаға жатқызылып, ол бірер күннен кейін қайтыс болған еді.

– Қазіргі күні эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Барлық қажеттілік жасалған, шешілмеген мәселе жоқ, – деді сала жетекшісі.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».



Биыл әлемді салтанатымен сүйсіндірген, асқақтығымен таңдандырып Астананың жиырма жылдығы. Астана – тәуелсіз Қазақстанның жаңа келбеті. Жалпақ әлемге «Үшінші мыңжылдықтар астанасы» ретінде танылған жас қала Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен астана уақыт ішінде бой көтерді. Талас жоқ, Елордамыз – егемен елдің тәуелсіздік жолында атқарған ұлы істерінің маңызымен өрнектелген құнды шежіресі.

халықаралық мамандандырылған көрме ел назарын өзіне аударды. Астана маңына «Жасыл белдеу» жобасы аясында үлкен орман бағы өсірілуде. Онда әлемнің әр елінен әкелінген ағаштар отырғызылып, Астана маңын жасыл желекке бөлеу жоспарланған. Астана – «Бәйтерек», Ақорда, «Хан шатыр», «Думан», Салтанат сарайы, ЭКС-ПО қалашығы секілді ондаған бірегей сәулетті кешендер арқылы өзіне елді баурайды. Одан бөлек, спорт сарайлары, театрлар, концерт залдары, бірегей ескерткіштер, әлемге танымал оқу орнында Астана даңқын ұзаққа жеткізіп отыр. Астана – ел экономикасын өрге сүйреп отырған локомотив. Болашақта ЭКС-ПО қалашығын әлемдік экономикалық орталыққа айналды-

Орталық комитетінің 1925 жылғы 9 ақпандағы шешімімен республика астанасы Ақмешітке көшірілетін болды. Ақмешіт қаласы Орынборға қарағанда қазағы көп өңір ретінде ең басты тілге тиек етілді. Бұл қалада 90 проценттен астам қазақтар тұратын. Бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарағанда республика басшылары Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов астананы көшіру мәселесінде ұлттық мүддені басты назарға алғаны анық. Қазақ АССР-і Кеңестерінің V съезі делегаттары және өкімет мүшелері бар пойыз Орынбордан республиканың жаңа астанасы Ақмешітке 1925 жылдың наурыз айының аяғында аттанды. Съезд делегаттарының ішінде мәдениет, өнер қайраткерлері Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Жұмат Шанин, Қажымұқан Мұңайтпасов, Сәкен Сейфуллин, үкімет мүшелерінен Мұхамеджан Тынышбаев, Сұлтанбек Қожанов, Абилы Серғазиев, Сүлеймен Есқараев болатын.

1925 жылдың 15 сәуірінде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан өңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қазақ АССР Кеңестерінің V съезі салтанатпен ашылды. Съездің басты қарарында «қырғыз» ұлтының «қазақтар» атауын қалпына келтіру» туралы қаулы қабылданды. Бұл қаулыға сәйкес бұрынғы әдейі бұрмаланып келген «киргиз» атауы «қазақ» деген тарихи атауын қайта қалпына келтірді. Сонымен бірге съезд «Қырғыз Республикасын» «Қазақ Республикасын», ал, оның астанасы Ақмешітті Қызылорда деп атауға қаулы қабылдады.

Алты Алаштың астанасы болған Қызылорда Қазақстан астанасы деп аталуымен жаңа тарихтың беті ашылды. Ежелден астана орталықтары болған өңірде ел үкіметі жасақталды. Жаңа астананың іргесі бекітілді. Қалада құрылыс нысан-дары

ЕЛОРДАНЫҢ ЕҢСЕСІН ТІКТЕГЕНДЕР

Бүгінгі Астана – бүкіл әлем көз тіккен, сәні мен салтанаты келіскен алып шаһар. Тұрғындарының саны миллионнан астам. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері өскен. 20 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан қаланың өзіндік тарихы бар. Бір кездері аңызқал далада жаңадан бой көтерген шаһардың адам танымастай өзгергеніне бүкіл әлем куә болып отыр. Біле білсек, осыдан он жыл бұрын елорда халқының саны небір 280 мың адам болатын.

Астананың ресми тұсаукесері өтті. Қызылордалық материалдық игілік өндірушілердің көпшілігі сол жылдары жаңа астананың алғашқы қадамдарына өз тарапынан біршама қолдау көрсетті. Облыстық «Полиграфия» бірлестігінің бас директоры Қуаныш Махамбетов ақпарат министрлігінің Алматыдан Астанаға қоныс аудару шараларын жеңілдетуге екі кезекпен 1,7 млн теңге аударғанын айтты. Бұл – сол уақыттың өлшеммен алғанда ауқымды қаражат. Кейін Астанаға шетелдік инвесторлар көптеп тартыла бастады. Дегенмен, Сыр өңірінің кәсіпкерлері Астананың гүлденуіне өз үлестерін қосып, игілікті шараларын жалғастыра берді. 2010 жылы әсем безендірілген Қорқыт аллеясы пайда болды. Қызылордалықтардың бұл тартуы бүгінге дейін Астананың көрікті жеріне айналып отыр.

«Бүгінде барлық облыстар көмек көрсетіп, қолдау білдіріп жатыр. Өйткені, Астана – бүкіл Қазақстанның жетістігі. Бас қала құрылысына өңірлердің бәрі атсалысты және қазір мұнда еліміздің әр түрлі ірінен келген адамдар өмір сүреді. Біз ХХІ ғасырда ғаламат дүниені бірге жасадық. Адамзат тарихында мұндай қалалар ешқашан 20 жылдық ішінде салынбаған. Ал, біз салдық» – деді Қазақстан Президенті, жуырда.

Елбасының атап көрсеткеніндей, Астананың гүлденуіне барлық аймақтар үлес қосты. Біз осы мақаланы дайындау барысында 1998 жылы облыс әкімшілігі аппаратының басшысы болған Кеңес Махамбетовпен тілдескен едік.

Расында, жаңадан қала салу көп қақыр-қайратты талап етеді. Оның үстіне ел астанасының жаңадан іргетасын қалау асқан жауапкершілік. Астана бүгінгідей кезеңге бірден қол жеткізе салған жоқ; Елбасының батыл шешімдері қабылдауы, отандық және шетелдік инвесторлардың құрылыққа күш салуы, ел халқының қолдау көрсетуі – бәрі-бәрі ұмытылмас тарих.

Астана құрылысы қалай басталды еді? Бастапқы кезеңдегі әлеуметтік жағдай ше? Мұның бәрі де тарих беттерінде тұр. Біз осынау қиын да күрделі кезеңді бастан өткерген қаланың тарихына тағы бір еске түсіруді жөн көрдік.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында болашақтағы жаңа елорданы іздестіру басталғаны белгілі. Болашақ

аралығындағы жастар еді. Арасында тағдырдың жазғанымен тарихи отанынан аулақта өмір сүруге мәжбүр болған қазақ диаспорасының өкілдері де бар. Қалаға ауылдық елді мекендердің тұрғындары жаппай көше бастады. Әсіресе, Ақмола, Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарынан адамдар ағыны күшейе түсті.

Қала біртіндеп техникалық және гуманитарлық интеллигенцияның шоғырланған орталығына айналды. Еліміздің әртүрлі аймақтарынан және шетелдерден ең батыл және тәуекелге бел буған адамдар ағылып келе бастады.

Жаңа елорданың құрылысын салуға ел басшылығы шетелдік инвесторлардан пайызсыз несиелер алды. 200 миллион долларға жуық өтеусіз инвестициялар тартылды. Жаңа елорданы тұрғызуға көмек қолын созғандар – Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Кувейт, Катар және АҚШ сияқты мемлекеттер.

Елорда Астанаға көшірілгеннен кейінгі алғашқы жылдың өзінде Президент бастамасымен еліміздің бас қаласының эскиз-идеясын жасауға халықаралық байқау жарияланды. Н.Назарбаевтың бұл ұсынысына әлемнің 50-дей көрнекті сәулетшісі ұнатты. Жалпы, 40-қа жуық өтінім келіп түсті. Байқау нәтижесі бойынша өзігіл жапон сәулетшісі Кисе Курокава жеңімпаз атанды. Жапон сәулетшісінің құнды ұсыныстары негізінде қаланың 2030 жылға дейінгі дамуының бас жоспары жасалды. Астананың сәулеттік келбетін жоспарлауда Қазақстан мен Жапонияның сәулетшілерінен бөлек, Германия, Улыбритания, Болгария, Швейцария, Шығыс елдері және тағы басқа бірқатар мемлекеттердің танымал мамандары қатысты.

2001 жылы 15 маусымда ҚР Үкіметінің Қаулысымен Астана қаласының бас жоспары бекітілді. Бірақ, кейіннен оған ұлттық нақыштағы колоритті қосуға байланысты кейбір өзгерістер енгізілгені мәлім.

Жұмыс осылайша қыза түскен. Биіктігі символикалық тұрғыда 97 метр «Астана-Бәйтерек» монумент-ескертікіші, Есілдің сол жағалауында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының әсем ғимараттары бой көтерді. Көлік және коммуникация министрлігінің биік ғимараты, Қорғаныс және Сыртқы істер министрліктерінің, Ұлттық кітапхана мен мұрағаттың ғимараттары салынды. Ақорда маңынан Парламент Сенаты мен Мәжілісінің, Үкіметтің және тағы да бірқатар үкіметтік ұйымдардың ғимараттары тұрғызылды.

Президентіміздің абыройы мен бөделінің арқасында шет мемлекеттер мен жеке фирмалар жаңа елорданың құрылысына қаржылай қолдау көрсетті. Елорданың оңтүстіктен солтүстікке көшірудің алғашқы жылдары туралы Президент Н.Назарбаев «Еуразия жүргенінде» кітабында: «Егер гранттар мен өтеміз инвестициялар есебінен салынған объектілерді жай ғана санама-лап шықсақ, әжептәуір тізім болар еді. Мысалы, Президент Ақордасы Әбу Даби даму қорының гранты есебінен салынды. Парламент Сенатының ғимараты Сауд Арабиясының гранты есебінен бой көтеріп отыр. Ұлттық кітапхана «Аджи» және «Қарашығанақ Петролеум» инвестицияларының есебінен жасалуда. «Нұр Астана» мешіті Катар мемлекетінің гранты есебінен тұрғызылды. Астана қаласы әкімдігінің ғимаратын Кувейт қоры грант белді» деп жазатын.

Сондай-ақ, Астананың қарыштап дамуы Қарағанды, Алматы, Павлодар, Атырау, Шымкент және т.б. қалаларындағы құрылыс салысының қарқындылығына ықпал етті. Жаңа елорданың көркіне бүгінгі заманның саясаткерлері, кәсіпкерлері, көрнекті өнер, сәулет, мемлекет және қоғам қайраткерлері тамсана тандай қарады. Астана өзінің шамамен 20 жылға жуық қарқынды дамуының нәтижесінде әлемдегі едәуір көрікті қалалардың біріне айналып отыр.

Дайындаған Ж.ӘЛМАХАН.

СЫР ЕЛІНДЕГІ ҚОС ҚУАНЫШ

Жаңа Астананың тарихы Елбасымен тығыз байланысты. Осы орайда көрнекті дипломат, мемлекет қайраткері, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Астана – Елбасының перзенті. Ол – Ұлт көшбасшысы, мемлекет құрушы әрі ғажайып қала – Астананың рухани әкесі, архитекторы. Оның есімі дәуірдің ең белгілі, ықпалды жанартаушыларының қатарында аталады. Ол жаңа Қазақстан мемлекетін орнату кезеңінде қазіргі заманың ең дарынды жасампаз реформаторы ретінде танылды» деген сөзін келтіріп өткен артық болмас.

Астана – Президенттің жасампаз қолтумасы және қайталанбас жауһары. Тәуелсіздік туы көтерілген күрделі жылдар туралы Президент өзінің «Қазақстан

ру жоспары бар. Еліміздің даму барысына көз жібергендер бұл қаланың ел дамуына қосқан үлесі зор екенін айтады. Өйткені, оңтүстіктегі сауда, қызмет көрсету, өндіріс ошағын ашу қызмет түрлері солтүстікке жылжыды. Инфрақұрылым, халықаралық қатынас жолдары, автожол мен темір жол салынып, еліміздің барыс-келіс нығайды. Бұл үрдіс әлі де тоқтаған жоқ. Міне, осындай жетістіктерге жетіп отырған бас қаламыздың 20 жылдығын бүкіл ел болып тойлап жатырмыз.

Торқалы тойға дайындық өткен жылы басталып, көптеген шаруа тындырылды. Мәселен, Үкімет қаулысымен бекітілген Астананың 20 жылдығы аясын- да



жолы» еңбегінде: «Біз Астананы нөлден бастадық. Көшіру барысында барлық қиындықтарды бастан өткердік. Бұл бізге арман болатын. Енді керемет қала. Қазақстанның жүрегі және мақтанышы» деп жазған Мемлекет басшысы бас қаланың бұлай аталуының сыры туралы «Бұл қала, Қазақстанның жаңа астанасы менің мақтаншымым еді, сондықтан оның атауын сан құбылтуға жол бере алмайтын едім. Онда Ақмоланы қалай атаған, дәл айтқанда, қалай қайта атаған жөн? Ол атау қазақстандықтардың, еліміздің барша ұлты мен ұлысының ғана емес, кірпияз шетелдіктердің де көңілінен шығуы керек... Бір жолы түнде, дәлірек айтсақ, сағат түнгі екіде Астана деген атау ойыма сап етіп, көкейіме қона кеткені. Астана дегеніміз – Астана! Қазақша әдемі естіледі. Қомақты, ауыз талды, қысқа да нұсқа, әуезді. Орысында да, ағылшынша да солай естіледі. Бұл атауда батылдық, мығымдық және айқындық реңк бар» деген ойын жеткізген.

Астана – сәулеті мен дәулеті жыл санап кемелденіп келе жатқан қала. Бүгінде ол халықаралық маңызды жиындардың, симпозиумдар мен форумдардың ордасына айналды. 2011 жылы Астана төрінде ЕКБҰ-ның бірегей саммиті өтті. Былтыр ЭКС-ПО-2017 көрмесі ашылып, үш ай бойы «Болашақтың энергиясы» тақырыбында

өтетін 175 шараның қай-қайсысының да маңызы жоғары. Бұл басқосулар халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейлерде ұйымдастырылды. Иә, Астана тойы – халықтың тойы. Оны тек Елорда тұрғындары ғана емес, бүкіл республика халқы тойлауда. Солардың қатарында Сыр ел халқы да бар. Алайда, біздер үшін биылғы мерекенің бір ерекшелігі, Сыр елінің орталығы саналатын Қызылорда қаласының 200 жылдық тойы қатар келіп отырғандығы.

Елбасы «Сыр – Алаштың анасы» атандырып өңірдің бас қаласы – Қызылорданың ел тарихында алар өзіндік орны бар. Қаланың алғашқы іргесі 1818 жылы қаланды. Қоқандықтар Түркістанды жаулап алғаннан кейінгі жылдары Шымқорған, Күмісқорған, Жөлек және Жаңақорғанды, осылардың басты орталығы – «Ақмешіт» бекінісін сала бастады. Қоқандықтар «Ақмешітті» қорған-бекініс ретінде салады. Қаланың орталығында ақ кірпіштен өрілген мешіт болған. Қаланың атауды да осыған негізделіп аталған

Орынбор генерал-губернаторы В.Перовский 1853 жылы 28 шілдеде әскерімен Ақмешіт қаласына басып кірген. Қоқандықтарды қаладан қуып шығып, өздерінің бекініс орталығына айналдырады. Осы жылдан бастап қаланың аты Перовск аталады.

1922-1925 жылдары қала қайтадан Ақмешіт атауын иеленді. Қазақ АКСР-і

салына бастады. Қала тұрғындарының саны артты. Қала толығымен электр жарығымен қамтамасыз етіле бастады. Астана мәртебесіне қол жеткізген соң, түрлі мекемелер мен өндіріс орындарының іргетасы қаланды. Біртіндеп кондитерлік фабрика, ет комбинаттары, сыра зауытымен бірге басқа да кәсіпорындардың қатары көбейді. Жаңа оқу орындары мен халыққа қызмет көрсету ошақтары, жаңа ғылыми-зерттеу институттары, ауруханалар бой көтерді.

Бүгінде Қызылорда екі ғасырдың куәсіндей болып, сұлу Сырдың жағасында жарасым тауып көк алдымызда күн сайын жөркейіп, кеңейіп келеді. Расында да, қазір құрылыс қарқынына көз ілесер емес. Шаһар келбетіне көрік қосқан зәулім ғимараттар алыстан мен мұндайлақ. Санаулы ғана уақытта бой түзеген тұтас мөлтек аудандар тұрғындар жүргенінде жылжылық ұялғанды. Қызылорда қаласының даму жоспарына сәйкес, Сырдария өзенінің сол жағалауын дамыту мәселесіне бүгінгі талаптарға сәйкес заманауи үлгідегі жаңа қала құрылысы жүруде.

Ал күні кеше Астанада Қызылорда облысының Елордаға тартуы – зым-ғарыш техникасы музейінің ашық экспозициясы ашылды.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы».

KONFERENTSIA

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Мемлекет басшысы ел астанасын Алматыдан Арқа төсіне көшіру жөнінде бастама көтерді. Ал 1997 жылдың 20 қазанында «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Елбасының Жарлығы шығып, көп ұзамай ерке Есілдің жағасынан жаңа астана бой көтерді. Бүгінде 20 жылдық белеңін бағындырған Астанамыз ел болашағына бағытталған еңселі істер мен баянды бастамалардың орталығына айналды. Жасампаздықтың жарқын үлгісі ретінде жаһанға танылды.

Астана қаласының 20 жылдығына орай, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен «Астана – еліміздің жүрегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Конференцияны ҚМУ-дың ректоры, техника ғылымдарының докторы Қ.Бисенов жүргізіп отырды.

Конференцияда сөз алған облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов осынау 20 жылда Астана таңғажайып жетістіктерімен жаһан назарын аударғанын атап өтті. Елбасының бастамасымен Астана төрінде өткен түрлі

халықаралық жиындар әлемдік деңгейдегі саяси маңызды шешімдер қабылдауына негіз болғанын айтты. Еліміздің Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі, Әлем дәстүрлі дін лидерлерінің Астана қаласында бас қосып, бейбітшілік пен келісім орнатудың алғы шарттарын қабылдағаны,

АСТАНА АЖАРЫ – ҰЛТ КЕЛБЕТІ

ғаламдық тақырыпты талдаған «ЭКС-ПО-2017» халықаралық көрмесінің өтуі – Астананың Еуразия кеңістігіндегі ерекше ықпалды рухани орталыққа айналғанының көрінісі екенін атап өтті.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты, саяси ғылымдар докторы, профессор Мұрат Бақтыяұлы «Астана – Тәуелсіздігіміздің символы» тақырыбында баяндама жасады.

1997 жылдың 20 қазанында «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Жарлық шықты, онда 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Ақмола Қазақстан Республикасының астанасы болатын, ал астананың ресми тұсаукесері 1998 жылдың 10 маусымында өткізілетін ай-

тылды. Бұл Қазақстанның тәуелсіз ел болғаны тунғыш рет өз бетіне жасаған батыл шешімі еді. Шындықты мойындаған дұрыс. Қатардағы көп облыс орталығының бірін астана етуге бел байлау – нағыз батыл шешім, батырлық. Елбасы он ойлап, жүз толғанды. Қиындық атаулыдан жасқанбайтын, тәуекел етуге тай-

салмайтын ержүректілік танытты. Осылайша тоғыз жолдың торабында, Ұлы Жібек жолының күретамырында бой көтерген Астана – ғасырлар тоғасында дүниеге келген ғажайыптардың бірі, – деді Мұрат Бақтыяұлы. «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Нұрғөре Жүсіп «Елбасы жобасы – елдіктің ордасы» тақырыбындағы баяндамасында Елбасының бұл бастама-сы алғашқыда «Қазақ әдебиеті» газетінде талқыланып, қаламгерлер тарапынан қызу қолдау тапқанын айтты. Сондай-ақ, Елбасының бұл жобасы саяси тұрғыдан салмағы басым шешім болғанын айқын дәлелдермен айғақтап, атап өтті.

– Ұмытпасам, 1998 жылдың сәуір айы болуы керек, Ақмоланың ресми тұсаукесеріне дейін Қызылорданың Қазақстанның бірінші астанасы ретінде «Қорқыт-Қобыз-Қызылорда» атты фестивалі өткізілді, – деді ол бізбен әңгімесінде. – Бұл шараға үлкен дайындықпен келдік. Қаржының тапшылығына қарамастан, біздің тарапымыздан алғашқы құрылыс нысаны – шағын хоккей алаңы пайдалануға берілді. Оны «ШАҚ» ауылқұрылыс бірлестігінің президенті Айтмұрат Шәменовтің құрылысшылары салды.

Болкім, бұл нысанда қазіргі тілмен айтқанда, құрылыс ғимараты дегуе келе қоймас, дегенмен, қызылордалықтардың ол кезде жаңа астананың гүлденуіне деген ықыласы ерекше болатын. А.Шәменов кейін арнайы қонақ үй салды. Ол Қызылорданың іссапармен барған барлық адамның құтты мекеніне айналды. Сол ресми тұсаукесерге дейін өткізілген Қызылорда облысының күндерінде арнайы шеруге барына тыңғылықты дайындадық. Облыс паспортын байланыс салысының жетекшісі Юрий Лавасас алып шықты. Шараның үлкен ұйымшылдықпен өткізілуіне облыс әкімі Бердібек Сапарбаев айрықша мән берді. Лена Әбдіхалықова бастаған өнерпаздарымыз ән-шашу арнады. Шараға аудан әкімдері қатысты. Ал сәл кейін, көпшіліктің есінде болар,

астананың әртүрлі нұсқалары айтылды: Қарағанды, Ақтөбе, Жезқазған... Солардың ішінде Ақмола әлеуетті елорда ретінде халықаралық стандарттар бойынша қойылатын барлық 32 талапқа сай келді.

Ел ордасын Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылданған кезеңде қалада небәрі 280 мың адам тұратын еді. Иә, Астана бірден дәл бүгінгідей бола қалған жоқ. Бұл Елбасының және жаңа мегаполистің құрылысына барын салған азаматтардың орасан зор, жанкешті еңбегінің арқасында жүзеге асты. Қаражат жағы тым тапшы. Тәуекелшіл қадамдарға бару керек-тің. Көшіктіруге әсте болмайды.

1998 жылды республикамыз жаңа елордамен қарсы алды. Бұл жаңа, орасан зор ауқымдағы және бұрын-соңды болмаған қысқа мерзімде іске асырылған мегажобаның бастамасы болды. Екі жылдан да аз уақыттың ішінде қолданастағы әкімшілік ғимараттар қайта жанарды. Көшірілген мемлекеттік қызметкерлер үшін жел-терте жаңа үйлер тұрғызылып, 3200 пәтер пайдалануға берілді. Қалаға мемлекеттік аппараттың қызметкерлері, сәулетшілер, еліміздің күллі өңірлерінен экономиканың барлық сала мамандары көшіп келді. 1998 жылдың өзінде жаңа елорда көшіп келгендердің саны 14 мыңға жетті. Олардың дені 20 мен 40 жас

оқытушысы, дінтану магистрі Ә.Жапсабаев «Астана – бейбітшілік пен келісім мекені» тақырыбындағы баяндамасында Қазақстан Президентінің бастамасы бойынша әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының өзара диалогқа түсуі, болашақта діни кикілжіңдер мен қақтығыстардың алдын алуға айтарлықтай оң нәтиже бергенін, оны бүгінде әлем мойындағанын атап өтті.

Ал «EXPO-2017» – жарқын болашақтың жаңа мүмкіндігі» тақырыбы бойынша талдау жасаған ҚМУ-дың оқытушысы, химия ғылымдарының кандидаты Нұрбол Аппазов осынау дүниежүзілік көрме еліміздегі ғалымдардың соңғы жетістіктермен танысып, зерттеу бағыттарын таразылауына мүмкіндік беріп, бизнес өкілдері үшін инновацияға бағытталған технологияларды ендіруге жол ашқанын айтады. Көрмеде баламалы энергия көздері бойынша 140-қа жуық ғылыми өнертабыс нәтижелері таныстырылғанын, бұл болашақта атқарылатын ауқымды инновациялық жобалардың бастамасы екенін жеткізді.

Осылайша конференцияда тақырып аясы терең қамтылып, ел дамуы жолындағы елорданы ерекше ықпалы, Астана келбеті – ұлт келбеті екендігі жайлы маңызды да, марғыналы ойлар ортаға салынды.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы».

БАҚЫТТЫ ЕЛДІҢ БАЙТАҒЫ

Ең алдымен айтарымыз, Астана – идея мен шындық бірлігінің бейнесі. Өзінің төлтумасына балаған Астана қаласы туралы толғауын Елбасы: «Жаңа астанаға көшу және оны салу туралы ой менде ертеректе, сонау алыстағы - 1992 жылы туған еді, бірақ мен ол кезде мұны аузымнан шығармадым, өйткені Қазақстанның экономикасы ойлағанды іске асыруға мүмкіндік бермеді...»

Қазақстанның Президентігіне бүкіл халық болып сайланғаннан кейін, мен Ақмолаға келдім. Есілден көлденең тартылған ескі көпірдің ортасында тұрып, өзенге қарадым. Маған қаланың ортасында ағып жатқан өзен болса, қашанда сол ұнайтын. Өзен қалаға ерекше бір көрік береді, мәртебесін көтереді. Мысалы, бізде Жайықтың бойында – Атырау, Сырдарияның бойында – Қызылорда, Тобылдың бойында – Қостанай, Ертістің бойында Семей мен Кереку орналасқан. Ал әлемде қаншама Астаналар ылғи өзен жағасына салынған! Санкт-Петербург – Невада, Мәскеу – өзі аттас өзенде, Париж – Сенада, Лондон Темзада тұр. Оның үстіне Ақмола Қазақстан мен бүкіл Еуразияның орталығына орналасқан» – деп жазды.

Астана ең қысқа мерзім ішінде салынып, бүкіл еліміздің қарышты дамуының нышанына, миллион тұрғыны бар ірі шаһарға айналды. Қаланың бас сәулеткері шын мәнінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев болып саналады. Оның идеясы мен ұсыныстарының арқасында Астана Батыс пен Шығыс мәдениеті мен дәстүрін тоғыстырған көз тартар бірегей келбетке ие болды. Қаланың көптеген ғимараттары, ескерткіштері кезінде Президент сурет, сызба және нобай түрінде түсірген ойлардан алынды. Әлемнің белгілі сәулеткерлері Нұрсұлтан Назарбаевтың ой-



ларын өмірде жүзеге асыра білді. Олардың арасында Кисе Курокава, сэр Норманн Фостер, Кензо Танге және тағы басқалар бар. Ғимараттардың басым көпшілігі Астананың ең көрнекі орындары мен қаланың өзіндік рәміздеріне айналды.

Мемлекет басшысының сызбасы бойынша Астананың және бүкіл елдің ең танымал бренді – «Бәйтерек» бой көтерді. Ол елорданың жаңа бөлігінің дәл орта тұсында орналасқан. Оның басынан бүкіл қаланың әсем көрінісі көзге шалынады. Сонымен қатар, Қазақстан Президентінің суреті мен сызбасы негізінде «Хан Шахтыр» бірегей сауда және ойын-сауық кешені салынды. Арнаулы полимерлік жабыннан жасалған кешен Forbes Style журналы нұсқасы бойынша, әлемдегі ең үздік экогемарат қатарына енді. Дүкендер мен

павильондарға қоса, мұнда кинотеатр, көптеген аттракциондар, сұлулық салондары, тіпті аквапарк та бар. Мемлекет басшысы ойластырған тағы бір маңызды нысан – «Отан қорғаушылар» монументі. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының сөзін өткізу үшін Нұрсұлтан Назарбаев пирамида түрінде арнайы сарай салуды ұсынды. Бұл идеяны Норманн Фостер табысты жүзеге асырды. Бүгінде Бейбітшілік және келісім сарайы – Астананың сәулеттік ансамблінің бөлінбес бөлшегі. Президент мәдениет орталығы, Ақорда резиденциясы және Астананың өзге де сәулетті ғимараттары да алдымен Нұрсұлтан Назарбаев сызыған жоба түрінде пайда болған еді.

Мемлекет басшысы – Астана құрылысына тікелей қатысушы. Президент жұмыстардың қарқынын, ең

бастысы – сапасын үнемі қадағалап отырады. Еуропадан Азияға апаратын жолдар қиылысында қолайлы орналасуы еліміздің астанасын еуразиялық кеңістіктің жаңа орталығына айналдырды. Бүгінде Астана аумақты өңірдің ең әсем қаласына, оның саяси, экономикалық, мәдени және рухани орталығына айналды. Бұл батыл, әрі тұлғалық қуатты қажет ететін тарихи шешім еді.

Астана бүгінде елдік, билік символы болып қана қойған жоқ, өзі де символдар қаласына айналды. Астана арқылы Елбасы тек Қазақстанға ғана емес, аймаққа, әлемге әйгілі саяси тұлға ретінде танылуда. Астана – қазақ елінің өрісін, тынысын, мүмкіндігін ашты. Астана – қазақ елінің бренді атаңды. Астана – саяси биліктің тың өрісі, ал саясат үнемі жандылықты талап ететін феномен. Саясат ағын су тәрізді,

сонда ғана ол тазарып отырмақ. Астанада жаңа саясат негізі қаланды. Бұған ешкімнің таласы болмаса керек.

Астана – тәуелсіздікке пассионарлық қуат берді. Астана идеяның шындыққа айналғаны. Астана еліміздің өлшемі, ізденісі, болашақ туралы арманы, қиялы, бүгінгі болмысы. Астана мазмұны жағынан орталық деген ұғымды білдіреді, яғни, ол егеменді елдің еркін азаматтарының ұлы мақсатқа орай топтасуы. Астана жаңа қала, жас қала. Астана жаңғыру қаласы. Ол ескіден кету, арылу, жаңаға жету мақсатындағы серпілістен туған идеяның шындығы.

Нұрсұлтан Назарбаев Астананың 10 жылдық мерейтойына арналған өзінің бағдарламалық сөзінде жаңа елордалық қаланың даму философиясын өте анық және бейнелі түрде айқындап берді:

«Осында ежелгі Сарыарқа жерінде тек астана емес, еліміздің болашақ бесігі өмірге келді. Астана тарихы мен қазақстандықтардың тағдыры бір-бірінен ажырағысыз. Елорда – біздің республикамыздың күш-қуатының іске асуының, динамикалық дамуының және тұрақтылығының көрінісі. Астана барша қазақстандықтарды біріктіретін және алға қарай қадам басқан жарқын, қуатты, гүлденген қалаға айналды. Біздің елордамыз Отанымыздың жүрегі, халықтың өз күшіне сенімі мен ұлы тағдыр-талайының символы болып табылады. Бүгінде Астанада, Қазақстанның барлық өңіріндегі сияқты, жүзден астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Халықтар достығы, өзара түсіністік және ынтымақтастық – Астананы және жаңа Қазақстанды құрудың негізі, міне, осылар!»

Ғаиза ҚАЙЫРБАЙ,
облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының маманы.

СОТ ҒИМАРАТЫНДА МУЗЕЙ АШЫЛДЫ

Жиында Қамбар Нұрышев ұлттық құндылықтарын құрметтеген елдің мерейі үстем екенін айта келе, музейдің маңыздылығына тоқталды. Бүгінгі технологияның қарқыны күн санап дамығанын тілге тиек еткен сот төрағасы алдағы уақытта музей жұмысының да цифрлы жүйеге көшетінін айтты. Сондай-ақ, музейдің ашылуына атсалысқан әріптестеріне алғысын білдіріп, марапаттады. Алдағы уақытта онда құнды деректер мен жәдігерлер қатары

Музейдегі 20 стендте Ақ Орда дәуірінен бастап, қазақ қоғамындағы дала заңдары, Қазақ хандығының құрылуы, билер дәуірінің өркендеуі, Алаш арыстары жайлы, қазақ елінің астаналары, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер, Тәуелсіздік алып, егеменді ел атанған тұстар жайында кеңінен ақпарат берілген. Сонымен қатар Қазақстандағы дербес сот билігі, ҚР Судьялар Одағы, облыстық сот төрағалары мен ардагерлер



толықтырылатынын жеткізді. Мұнан кейін музейдің қызыл лентасы қиылып, жиналғандар ондағы құнды дүниелермен танысып шықты. Сала ардагерлері де игі істің кейінгі жастар үшін маңызы зор екенін айта келе, еліне, халқына адал, әділ қызмет еткен жандардың есімі музейде сақталатынына қуанышты екендіктерін жеткізді.

жайлы деректер де орын алды. Мұнан өзге облыстық қала және мамандандырылған соттар туралы тарихи деректер, облыстық соттың ұйымдастыруымен өткен түрлі іс-шаралардан хабар беретін мағлұматтар қойылды.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

АСТАНАЛАР ТАРИХЫ АСТАСҚАНДА

Қайсыбір мемлекеттің болмасын, тарихында астаналар айшықты орын алады. Ұлттың өсуіне, мемлекеттіліктің орнығуына зор ықпалын тигізеді. Осы орайда қазақ елінің қазіргі астанасының тағдыры ары кезеңдегі астаналардың тарихымен сабақтасып жатқанын айтуға тиіспіз.

Тарихшылар қазақ хандығының алғашқы астанасы ретінде Сығанақ қаласын көрсетеді. Сақ-ғұн заманынан бері Яксарт, Ордос, Чигуь, Түркі қанаты тұсында Еркіне-жон, Өтекин, Суяб, Қарахан мемлекеті орнаған кезде Баласағұн, Тараз қалаларының абыройы аспандады. Алтын орда дәуірінде Сарай Бату, Сарай Берке, Сарайшық шаһарларының жұлдызы жанды. Ал өткен ғасырда қазақ елінің бас қаласы ретінде Орынбор, Қызылорда, Алматы және Астана қалалары танылды. Олардың қай-қайсысы да саяси-әкімшілік орталық болып қана қоймай, ұлт рухын айбындатып, ұлттық мақсат-мүддені айқындайтын киелі мекенге айналды.

1920 жылы 4 қазанда Орынборда Қазақ өлкесі Кеңестерінің құрылтай съезі өтіп, Қазақ АКСР-і құрылды. 1925 жылға дейін бұл қала қазақтың астанасы болды. Орынбор оған дейін де қазақ даласын отаршыл Ресеймен экономикалық тұрғыда байланыстырған ірі сауда орталығы еді. Сонда да Орынбор қазақтың рухын көтерді, азаттыққа ұмтылысын үкіледі. Ұлт баспасөзінің алғашқы қарлығаштары – «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы осы қалада басылды. Дегенмен, астананың бір қиырда орналасуы ел үкіметінің жергілікті жерлердегі партия, кеңес, шаруашылық ұйымдарымен тығыз байланысына едәуір қиындық келтірді. Сондықтан астананы ауыстыру қажеттілігі туындады.

Астананы Орынбордан көшіру туралы ұсыныс айтылғанда Алаш қайраткерлері Ташкентті қолай көрді. Ташкентті бермегені қазақтар әр аймақтағы қалалары астанаға үміткер болды. Солардың ішінде таңдау Сыр елінің бас шаһарына түсті. Нақ осы жерде қазақтар «қырғыз» деген атаудан құтылды. 1925 жылдың сәуір айында Ақмешіттің аты өзгертіліп, ресми құжаттарда «Қызылорда» деп жазыла бастады. Алайда, географиялық, климаттық,

экономикалық қолайсыздықтар Қызылорданың астана ретінде өркендеуіне елеулі кедергі келтірді.

Мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанұлы «Ақмешітті неге орталық қылып сайлады?» деген мақаласында: «Кізі үйдің ішінде орналасса да, астана қалың қазақтың ортасында болуы керек. Қаланың орналасқан орны экономикалық жағынан өте тиімді. Тағы бір артықшылығы – табиғи байлық төркіндеріне таяу тұрғандығы», – дей келе, Сырдария өзенінің егіншілікті өркендетудегі мол мүмкіндігін алға тартқан. Еліміздің бас қаласы болған 1925-1929 жылдар аралығында Қызылорда қазақтың білім ордасы ретінде танылып, мемлекеттің мәдени-рухани дамуына айтарлықтай әсер етті. Өзінің екіғасырлық тарихының төрт жылында Қызылорданың Қазақстанның астанасы мәртебесіне ие болғаны – біз үшін мақтаныш.

1927 жылы 3 сәуірде Бүкілқазақстандық Кеңестердің VI съезі Қазақстан астанасын Алматыға ауыстыру туралы Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысын бекітті. Шын мәнінде астана 1929 жылы көшті. Бұған Түркісіб теміржолы құрылысының да ықпалы тиді. Алматы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының астанасы, Алматы облысының орталығы, республиканың саяси-әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы болды. Қаланың шежіресі жарқын оқиғаларға толы, ол Отанымыздың, қазақ халқының тарихымен, республикамыздың қалыптасып, дамуымен астасып жатыр. Қазіргі күні ару Алматы – еліміздің ең әсем шаһарларының бірі.

Ал 1994 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, 1996 жылы Министрлер кабинетінің «Қазақстан Республикасының астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы» қаулылары қабылданды. 1997 жылдың 20 қазанында Мемлекет басшысы «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының

астанасы деп жариялау туралы» Жарлыққа қол қойды. 1998 жылы 6 мамырда Астана атауы ресми түрде бекітілді. Сол уақыттан бері Астана үздіксіз даму үстінде. Ел ордасы бүгінгі таңда экономикалық интеграцияның үйлестіруші әрі қуатты қозғаушы буынына айналды. Мұнда кең ауқымды

Перовск. Станция подъезд. № 2.



Санкт-Петербург. Николаевская Ул.

халықаралық жиындар мен форумдар, ғылыми конференциялар жиі өтіп тұрады. Ару Астана жыл өткен сайын жайнап, қанатын кеңге жайып, гүлденіп, көркейіп келеді. Бас қала айшықты сәулетке толы ғимараттармен толыға түсуде. Қазіргі таңда Астана – Қазақстанның мақтанышы, көз қуанышы. Азия құрлығының солтүстігінде кең қанат жайып, жарқырап-жайнап бой көтерген ару да әсем қала. Бүкіл ел абыройының асқақ көрінісі, мемлекетіміздің мақтан тұтар айнасы. Астанасына қарап елін танытынын ескерсек, Астана – ұлт келбеті.

Н.ҚУАНДЫҚ.

ҰСТАЗДАРҒА ЖОЛДАМА ТАБЫСТАЛДЫ

Астана қаласының 20 жылдығына орайластырылған шаралар аясында В.Шөкенов атындағы саябақта ұстаздарға елордаға туристік саяхатқа жолдама тапсыру рәсімі өтті.

Облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен өткен шараға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов қатысты. – «Алты Алаштын басы қосылғанда, төр – мұғалімдікі», деп Алаш қайраткерлері бекер айтпаған. Қазіргі таңда ұлы даладан елорда салып, қандай ұлт екенімізді әлемге дәлелдесек, соның ішінде ұстаздардың орны ерекше, – деді ол.

Естеріңізге сала кетейік, жолдаманы осы жылдың наурыз айында өткен «Жолдау жолымен – білім биігіне» атты байқауда жеңіске жеткен Қармақшы аудандық үгіт бригадасы мен белсенділік танытқан ұстаздар иемденді. Сонымен қатар, кәсіподақ комитетінің төрайымы Райкүл Байназарова өздерінің өрелі істерінің арқасында осындай белесті бағындырған мұғалімдер мен бастауыш кәсіподақ комитетінің жетекшілеріне алғысын білдірді.

Маржан ӘШІРАПБАЕВА,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ студенті.



МЕНІҢ АСТАНАМ!

Ақындық асау жүрепке,
Дархан қазаққа тән пейілмен,
Меншіктеп сені әрдайым «менің Астанам»
деймін мен.
«Менікі» десем, жұртымның мерейі деп
сен, ойлағын,
Ұлан да ғайыр ұлтымның асқақтат
бүгін байрағын.
Еңку де еңку жер шалып, Есілге қонған,
Ел Ордам,
Ертеңгі ұрпаққа шамшырақ боп
шұғыланды шаш, сен, алдан.
Сарыарқа мынау төсінде самала
шаһар сәйгүлік,
Қанатын алтын Күнменен барады ару
Айға ұрып...
Бабалар аңсап күткен бұл баяғы
алтын сарайлар,
Осында туып, осыдан дүниені шарлар
дана ойлар.
Алаштың атын аспандат, Астанам менің
және бір,
Алақаныңнан сенің күні ертең «алашпын»
дейтін өреді ұл.
Осынау сезім саған да, маған да керек деп білгін,
Арманым еді бұл менің апталар... айлар...
көп жылғы,
Ғасырлар бұған ғаламат жеткізді
бүгін талайдан,
Астанам менің –
Асқақ күй, айшықты жыр мен аралығы ән.
Дүниеге келер ұрпақтың атынан сені етем жыр,
Қаһарман біздің қазаққа қайырлы болғай
мекен бұл!
«Қараөтел» анау қазақтың
ән базарын қайнатқан,
Ереймен мынау еліміңнің сүрінген көзі
бәйге аттан...
Кеңес те құрған жақсылар
Парламент үйі келелі,
Елдіктің сенің еңселі Елордам берік емені.
«Бәйтерек» осы жеті қат көкпенен
заңғар тілдескен,
Сен жайлы бүгін ақ жаңбыр ағыл да тегілі
жыр-дестем.
Алыптар туған кешегі, аңыз-жыр
болған Ақмола,
Төрт мұхит, алты құрлыққа тебіреніп
қарар шаттана.
Әлемді жалт-жұлт аузына әулидей
түгел қаратқан,
Астанам саған ағылды қонақ Америка түгілі,
арабтан...
Үлгі де болар ұрпаққа Үш биім төрде жайғасқан,
Сендегі әсем Күнменен сәулесін төккен
айлы аспан.
Ақ жұпар аңқып Есілден ескен ерке жел,
Ертеңге көшін тартқан бұл көзайым болғай,
көркем ел.
Жолдайды сәлем Мәскеу жақ, Париж бен Рим...
Анкара,
Көшеңді кезер көк көзді алжирлік ару таң қала.
Ақ шаңқан шаһар шабыттың түйме қып
басқан тиегін,
Мен сені бүгін Төлеген Айбергенов
болып сүйемін.
Ұстының сынды дәл бейне Парасат
пенен Ұлылық,
Зәулім сарайлардан ескеңдей ұлтыма тән бір
жылылық,
Алаштың басын қосқан, сен, Арқаға қонған
Ақ ордам,
Қазақтың жерін қарашы, сен құсап
қайта жаңарған...
Ұйқыда жатқан үміттің қоламта шоғын ояттың,
Қара асфальт күйі боп күмбірлер астында
сансыз аяқтың...
Ел Ордам менің,
Елбасы тіккен Есілді еркін бойлатып,
Жарты әлемді жатырсың енді жарқын да
жарқын тойлатып.
Ақ сүңгі қалам аспанға анау шатыры
шырқау шаншылған,
Ғашығымдайсың,
Асығымдайсың тускен бір жерге алшыңнан.
Шағылысып күнге жетіқат көкке қрандар
созған мойынын,
Астанам, ару арманмен алабұртып
тұр-ау, қойының,
Баянды болып бозбала таңда басталған
мәңгі мерекен,
Шаттықпен қоса шалқысын төрде телегей
теңіз берекен.

Толыбай АБЫЛБАЕВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

«Думан» ойын-сауық кешеніндегі океариум мұхиттан ең алыс орын тепкендіктен Гиннес рекорд-тар кітабына енген. Океариумнан ең жақын мұхитқа дейінгі ара қашықтық үш мың шақырымға жуықтайды. Онда әлемнің түкпір-түкпірінен әкелінген 2000-нан астам жәндік пен балық түрлері кездеседі. Океариумның сыйымдылығы – 3 млн литр, оны әзірлеуге 120 тонна теңіз тұзы жұмсалған. Океариумның ең ірі мекендеушілері – ұзындығы 3 метрге жуық акула және салмағы 200 келі тасбақа. Ал ең ұсақ балықтың ұзындығы бар болғаны 5 см.

Астанадағы «Хан шатыр» ойын-сауық орталығы әлемдегі ең үлкен шатырлы ғимарат болып саналады. «Хан шатыр» 2010 жылы елорданың туған күні – 6 шілдеде ашылған. Ойын-сауық орталығының жалпы аумағы – 127 мың шаршы метр. «Хан Шатыр» – бір шатырдың астында әлем деңгейіндегі ойын-сауық және сауда-саттықты біріктірген, алғашқы лайфстайл-орталық болып саналады. Лорд Норман Фостердің қиялынан шыққан сәулет ғажайыбы – Орталық Азиядағы баламасыз әрі ең ірі архитектуралық жоба болып табылады. Тұғырлы монолиттік сом құймалардан тұрғызылған бұл кешеннің биіктігі – 200 метр. Оның негізгі қаңқасы фторполимермен қапталған ұсақ торлы алып шатырдан тұрады.

Бейбітшілік және келісім сарайындағы лифтілер көлденеңнен қозғалады. Халық арасында «Пирамида» деп аталып кеткен ғимаратта бес лифт бар. Оның біреуі – Президентке арналған. Олардың барлығы 60 градуспен көлденеңнен қозғалады.

Ғасырдан да ұзақ жасаған қара терек. Көп жылдар бойы кубрин саябағы болып аталып келген Астана саябағында ғасырдан артық жасаған қара терек өсіп тұр. 120 жастағы терек саябақ ашылған уақыттан бүгінгі күнге дейін жайқалып өсіп тұрған жалғыз ағаш.

Астана мен Сеулдің ұқсастығы. Біле білсеңіз, біздің бас қаламыз Астана мен Оңтүстік Кореяның астанасы Сеулдің ортақ ұқсастығы бар. 1998 жылы Ақмола атауы өзгертіліп, Сарыарқаның жүрегінде орналасқан шаһарға Астана атауы беріледі. Ал бұған дейін әлемде мемлекет астанасы жай ғана «астана» деп аталатын бір ғана қала болған. Ол – Оңтүстік Кореяның бас қаласы Сеул. Корей тіліндегі «соул» сөзі «астана» деп аударылады.

Астанадағы ең биік ғимарат. «Изумрудный квартал» тұрғын үй кешені Астананың ең биік ғимараты саналады. Кешен әртүрлі қабатты үш мұнарадан тұрады (37, 40, 53 қабат). Ең биік мұнарасының биіктігі – 210 метр.

«Қазақстан» ОКЗ көрермен залы домбыра түрінде жасалған. Мұндай бірегей жоба ТМД елдерінің ешбірінде жоқ және Қазақстан Республикасының ең негізгі архитектуралық туындысы әрі мәдени орталығы болып табылады.

«Қазақстан» Орталық концерт залы – заманауи технологияларға негізделген және түрлі көлемдегі іс-шараларды: мерекелік және ресми жиналыстар, отандық және шетелдік жұлдыздардың концерттері, конференциялар, тұсаукесерлер, жиналыстар мен көрмелерді өткізуге лайық бас кешен. Астананың әкімшілік орталығында орналасқан ғимаратқа бірегей архитектуралық құрылысы жағынан да, көлемі жағынан да тең келетін нысан қаламызда, жалпы елімізде кемде-кем.

Құрғақ фонтанды тамашалап көрдіңіз бе? 2014 жылы Астананың Орталық саябағында құрғақ субұрқақ ашылды. Елорданың Орталық саябағындағы сағат жанында құрғақ субұрқақ орналасқан. Бұл қала тұрғындары үшін баламасы жоқ қызықты дүние. Бұл субұрқақтың ерекшелігі – оның тостағандары жоқ. Гейзерлер деп аталатын су шапшымалары тақтатастардың астынан шығады. Жер астынан атқылап шығып, қайта жоғалып кететін құрғақ жаз мезгілінде балалар үшін қатты қызықты.

Қазақстандағы ең үлкен саябақ, әрине, Астанада орналасқан. Ол 76,9 гектар жерді алып жатқан Президент саябағы.

Бір мезетте кешкі ас ішіп, қала келбетін тамашалауға бола ма? Әрине! Елорданың заманауи іскер орталығында Есіл жағасындағы 23 қабатты «Пекин Паллас» қонақүйінде бірегей айналатын мейрамхана орналасқан. Мұндай мейрамхана Қазақстанда жалғыз. Оның айналу жылдамдығы сағатына 360 градусы құрайды.

Астана әлемнің үздік 30 шаһарының тізімінде 2003 жылы Қазақстан елордасы әлемдік Moody's Investors Service рейтингтік агенттігінің нұсқауынаша әлемнің үздік 30 қаласының тізіміне енді.

Дайындаған: Сара АДАЙБАЕВА.

АСТАНА – ЖАСТАР КӨЗІМЕН

Кезінде Абылай хан бабамыз «Үш жүздің басын қоссам, қала салсам, қазақты біртұтас ел етсем» деп армандаған екен. Дана бабаларымыздың сол ізгі арманы арада ғасырлар өткенде жүзеге асты. Қазақстан әлемдік қауымдастық дербес мемлекет ретінде таныған елге айналды. Елбасының бастауымен салынған елорда бақытты елдің байтағы атанды. Сары даланың нақ төріне салынған жас Астананы арада санаулы жылдар өткенде көрікті де қуатты қалаға айналады дегенге кейбіреулер күмәнмен қараған болатын. Алайда көзбен көрген шындық мұны да дәлелдеп үлгерді.

Қазалы аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен өткен шара Астана қаласының мерейлі мерекесіне арналды. Басқосуға кітапхана жанындағы «Руханият» қызығушылар клубының мүшелері, жалын жігерлі жастар, аудандық «Қазалы» газетінің жауапты хатшысы Есет Табынбаев, Өркендеу ауылдық кітапханасының кітапханашысы Несібелі Нұрадин, тұрақты оқырман Мереке Сұлтанбаева, студенттер мен оқушылар қатысты.

– Ұлтымыздың ұлы тұғырына айналған, Алаш жұртының асқақ айбары болған – ару Астанаға биыл 20 жыл! Тарих үшін қас-қағым сәт. Бірақ осынау көз ілесес жылдамдықпен жарысқан бүгінгі кезең үшін аз уақыт та емес сияқты. Осы уақыт ішінде Қазақстан халқының ерен еңбегінің нәтижесінде әлемнің атақты астаналарымен салтанат жарастырып, көркімен де, көлемімен де бой таластыра алатын қазақ жұртының жас та бас қаласы қалыптасты, – деді жас кітапханашы Несібелі Нұрадин.

Шараны қорытындылаған аудандық орталықтан берген кітапханалар жүйесінің директоры Индира Назарова жалын жігерлі жастарға ризашылығын білдірді.

Астана күнін тіректі елді мекен – Жанқожа батыр ауылының тұрғындары да зор қуанышпен қарсы алды. Орталықтағы саябақта концерттік бағдарлама қойылып, көпшілік назарына ұсынылды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Қазалы ауданы.



Кезекші редактор Ғаиза ӘБІЛДА.

ЖАҢА СЕРІКТЕС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР!

«EURASIA GROUP KAZAKHSTAN» ӨЗ БИЗНЕСІНІҢ ПОРТФОЛИЙСЫН НЕГЕЛТІДІ ЖӘНЕ «VÄDERSTAD» КОМПАНИЯСЫНАН ПРЕМИУМ-КЛАСТЫ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫҢ ЖАҢА ҮЛЕСІН УСЫНАДЫ

Бизнестің негізгі функцияларының бірі – өнімді өндіріс пен маркетингті қамтамасыз ету. Eurasia Group компаниясының негізгі мақсаты – өнімді өндіріс пен маркетингті қамтамасыз ету. Компанияның негізгі мақсаты – өнімді өндіріс пен маркетингті қамтамасыз ету.

Еурасия Групп компаниясының негізгі мақсаты – өнімді өндіріс пен маркетингті қамтамасыз ету. Компанияның негізгі мақсаты – өнімді өндіріс пен маркетингті қамтамасыз ету.

Еурасия Групп компаниясының негізгі мақсаты – өнімді өндіріс пен маркетингті қамтамасыз ету. Компанияның негізгі мақсаты – өнімді өндіріс пен маркетингті қамтамасыз ету.

Eurasia Group

VÄDERSTAD

<p>Меншік иесі</p> <p>СЫРБОЙИ МЕДИЯ</p> <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	<p>БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ</p> <p>қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36</p> <p>БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ</p> <p>қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17</p>	<p>Бас редактордың орынбасары – 70-00-43 Жауапты хатшы – 70-00-81</p> <p>Бөлімдер: руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34</p>	<p>Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.</p> <p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.</p>	<p>Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет.</p>	<p>Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p> <p>Таралымы 28468 Тапсырыс №1051</p>
---	---	--	--	---	--

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz